



## Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 шілде N 927. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1792 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің штатында 28 адам бар Республикалық ұйымдастыру-педагогикалық инспекциясын жою және Бақылау жөніндегі департамент орталық аппаратының құрамына 15 адам енгізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы, қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны 165 адам болып бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім министрлігіне министрдің

төрт орынбасарын, оның ішінде біреуі бірінші, сондай-ақ саны 15 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппараты үшін қызметтік автомобильдер лимиті 5-еу болып белгіленсін.

5. "Қазақстан Республикасы Білім министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 қыркүйектегі N 1076 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 5 шілдедегі  
N 927 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Білім министрлігі

орталық аппаратының  
Құрылымы

Басшылық

Жоғары білім және ғылым жөніндегі бас басқарма

Жалпы орта білім беру жөніндегі бас басқарма

Экономика және қаржы бас басқармасы

Арнайы орта білім беру жөніндегі жетекші басқарма

Халықаралық байланыстар жөніндегі жетекші басқарма

Іс басқармасы

Бақылау жөніндегі департамент

Оқу-әдістемелік тәрбие бөлімі

Мектеп жасына дейінгі тәрбие бөлімі

Интернат мекемелері бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды үйлестіру  
жөніндегі бөлім

Заң бөлімі

Әскери-жұмылдыру жұмысы секторы